ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 21 қазан № 4360-24-00-2/2597 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «І.Қабылов атындағы № 12 ақпараттық технология мектеп-лицейі» (IT-мектеп-лицей)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«NEON.AVEN» атауымен әрекет етуші Ақайдар Маратұлы Сәлімбай жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «І.Қабылов атындағы № 12 ақпараттық технология мектеп-лицей» (IT-мектеп-лицей)» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «NEON.AVEN» атауымен әрекет етуші Ақайдар Маратұлы Сәлімбай жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «NEON.AVEN» атауымен әрекет етуші Ақайдар Маратұлы Сәлімбай жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 24650 (жиырма төрт мың алты жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы және 2586 (екі мың бес жүз сексен алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 21.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Жусупов Т. К., 02.12.2024

4360-24-3-1/2733